



Қош келдіңіздер!



Сабақтың тақырыбы:
Е дыбысы мен әрпі

Мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға Е дыбысы мен әрпін арқылы берілген сөздерді тізбектей оқыту.

Дамытушылығы: Е дыбысы мен әрпі арқылы оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, танымдық іс - әрекеттерін, шығармашылығын, сөздік қорларын дамыту.

Тәрбиелігі: Оқушыларды Отан сүйгіштікке, ұқыптылыққа, сауаттылыққа, табиғатты қорғауға, оқуға дағдыландыру.

Сабақтың түрі: Ойын сабақ.

Сабақтың әдісі: Ой қозғау, топтастыру, тізбектей оқу, ойын, шығармашылық тапсырма, сурет арқылы сөйлем құрау

Сабақтың көрнекілігі: Суреттер, буындар, ребустар, сөзжұмбақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- a) Оқушылардың назарын сабаққа аудару.
- ә) Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз,
Сәлем бердік сіздерге
Құрметпенен біз.

II. Үй тапсырмасы: Е дыбысы мен әрпі


« Сөз ойла , тез ойла» ойыны

а) Е дыбысынан келетін сөздер айту:

ә) Е дыбысынан келетін сөздерді буынға бөлу.

Ер-жан, е-мен, ел, жер, бес, жел, не-ме-ре

б) Е дыбысын әр топтан 3 - 4 баладан оқыту.



III. Жаңа сабақ: Е дыбысы мен әріп.

1. Ой қозғау:

- а) Дыбыс деген не?**
- ә) Әріп деген не?**
- б) Дыбыстар нешеге бөлінеді?**
- в) Е дыбысы қандай дыбыс?**

Оқулықпен жұмыс - 76 бет

1. Хормен оқу

2. Тізбектей оқу

3. Жеке оқушыларға оқыту

Мен бес шешен ерте Ержан
Сен бесеу шебер ертең Ерлан

Мен ойнадым.

Мен оқыдым.

Сен ойнадың.

Сен оқыдың.

Ол ойнады.

Ол оқыды.

Не?

Неше?

Нешеу?

-Бұл не?

-Неше алма?

-Алма нешеу?

-Бұл алма

-Алты алма


-Алма - алтау

Дәптермен жұмыс

Бір, екі, үш
Бойға жинап күш.
Дәптерді ашайық
Қолға қалам алайық
Әдемі етіп жазайық



Сергіту сәті «Кім шапшаң?» ойыны
Буыннан сөз құрау.



Шығармашылық жұмыс:

Алтын күз.

А) «Күз» тақырыбына
сурет бойынша
сөйлем құра



Сабақты қорытындылау



дауысты дыбыс

Тіл арқылы жасалады

жіңішке дауысты

Е

Сөздің басында, ортасында кездеседі



Үйге тапсырма

**Е дыбысы мен
әрпін оқу**

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

